

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның 2021-2022 жылдар 2023 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір және мамыр айларына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама.

06 маусым 2023 жыл

Қызылорда қаласы

1. «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында орталықтың бас дәрігердің 2023 жылғы «04» қаңтар № 9-1-О құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

1) Жарибаева Бисенкул Утегеновна - Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, Жұмыс тобының жетекшісі.

2) Утегенова Шолпан Женисбековна - Орталықтың Емдік-көмек бөлімінің меңгерушісі, Жұмыс тобының мүшесі.

3) Балыкбаева Салтанат Шамиевна - Эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі, Жұмыс тобының мүшесі.

4) Асанканова Саулеткул Елеусизовна - ИФА зертханасының меңгерушісі, Жұмыс тобының мүшесі.

5) Маханбетов Есбол Серикбаевич - Орталықтың заңгері, Жұмыс тобының мүшесі.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2023 жылдың 29-31 мамыр айы аралығы.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 01.01.2021 ж. бастап 31.05.2023 ж. дейін.

4. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Орталықтың бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Орталықтың бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Талданатын объект туралы мәліметтер

1. Диагностика: зертханалық (иммунологиялық, серологиялық зерттеулер) адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын зертханалық диагностикалау (АИТВ-диагностика);

2. Ересектерге мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек - мынадай мамандықтар бойынша: Иммунология, Инфекциялық аурулар.

3. Ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек - мынадай мамандықтар бойынша: Дерматовенерология.

4. Санитарлық гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызмет: халыққа санитарлық-гигиеналық білім беру.

6. Орталықтың бөлімінің қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Орталықтың бөлімдердің қызметіне басшылыққа алатын құқықтық актілерін зерделеді.

Орталықтың бөлімдердің қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы.

- "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-204/2020 бұйрығы.

- Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 758 бұйрығы.

Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық жасау тәуекелдерінің болуы (дискрециялық өкілеттік пен нормалар)

Облыс аумағы бойынша АИТВ инфекциясынан тексеру қызметін жүргізеді және халық арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарына іс-шаралар ұйымдастырады. Есепте тұрған науқастарға тиісті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі.

Орталықтың бөлім қызметкерлерінің функционалдық міндеттері:

Орталықтың бөлім қызметкерлері бекітілген функционалдық міндеттеріне сәйкес жұмыс атқаруда.

Кәсіпорын қызметінің мәні облыста ЖИТС ауруының алдын алу, емдеу, дер кезінде анықтауға және таралуына қарсы бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты адамның иммун тапшылығы вирусының (әрі қарай - АИТВ) мен ЖИТС-тің профилактикасы, диагностикасы және емдеуге көмек көрсету болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалардан орталыққа байланысты келіп түскен арыз-шағымдармен жұмыс жасайды.

7. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі.

1. Персоналды басқару бағыты бойынша

Кадрлық құрам бойынша: Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы; Орталықтың штат саны 2023 жылдың басында 87,75 бірлікті, соңында – 87,75 бірлікті құрады. бос орын жоқ: 1 бірлік – Бас дәрігер, 1 бірлік – бас дәрігердің орынбасары. 2023 жыл осы қалыпты штат бірлігі, ауысу орны – жоқ, жұмысқа қабылдау 2 бірлік – жұмысшы және қарауыл.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

2021 жылы:

Тәртіптік жаза қолданылмаған.

2022 жылы:

Тәртіптік жаза қолданылмаған.

2023 жылы:

Тәртіптік жаза қолданылмаған.

2021-2022 жылдары және 2023 жыл маусым айына дейін сыбайлас жемқорлық сипатына жататын заңбұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның қызметкерлерін іріктеу мен тағайындау барысында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

2021 жылы:

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның бос орынға тағайындау болмаған.

2022 жылы:

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның бос орынға тағайындау болмаған.

2023 жылдың маусым айына дейін:

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның бос орынға тағайындау болмаған.

2) Лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның тағайындау барысында лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау фактілері орын алмаған.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Орталықтың бос лауазымдарға конкурсты өткізу және тәртіптік жазалардың мерзімінен бұрын алып тастау процессі тек НҚА-ға сәйкес өткізіледі. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер анықталмады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.

01.01.2021-01.01.2022 жылдар 2023 жылдың маусым айына дейін Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болмаған.

5) Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның конкурсы «Еңбек биржасы» сайты арқылы өткізіліп келеді. Бірыңғай конкурс отырысы кезеңінде кәсіпорын тарапынан жарияланған конкурстарда тиісті құжаттарды рәсімдеу кадр маманы арқылы жүзеге асырылады.

6) Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның бас дәрігері мен кадр маманы арқылы жүзеге асырылады.

7) Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8) Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Басқарма тарапынан мүдделер қақтығысы орын

алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей бас дәрігердің жұмыскердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде: 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша жұмыскердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа жұмыскерге тапсыруға;

2) жұмыскердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Жұмыскердің, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

9) Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.

Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алмаған.

10) Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына және тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

11) Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Орталықтың жұмыскерлерін көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы негізінде, тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Орталық тарапынан сыйақы берілмейді.

12) Мерзімнен бұрын алынған жазалардың көптігі.

Есептік кезеңде мерзімнен бұрын жазалар алынбаған.

13) Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған орталық қызметкерлеріне сыйақы беру үшін орталықтың бөлім меңгерушілердің, орынбасарлардың ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған орталық қызметкерлеріне сыйақы беру үшін орталықтың бөлім меңгерушілердің ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

14) Тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау.

2021-2022 жылдар 2023 жылы 5 айында тым қысқа мерзімде тәртіптік жазалар алынбаған.

15) Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексіне сәйкес, Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа да фактілер орын алған жоқ.

2021-2022 жылдар және 2023 жылдың маусым айына дейін қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Ақпараттық қызмет» жүйесімен қалыптастырылды. Қызметкерлер арасынан сыбайлас жемқорлық, әкімшілік тұрғысында құқық бұзушылық орын алмаған.

Сонымен қатар, айта кететін жайт, жұмысқа қабылданатын әрбір жұмыскерді қызметке қабылдамас бұрын осы тексеруден өтеді.

8. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.

2021-2022 жылдар және 2023 жылдың маусым айына дейін Орталық бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша

мемлекеттік қызмет көрсету 1-қызмет түрі көрсетіледі;

10. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру орталықтың құзыреттілігінде көзделмеген.

11. Бақылау функцияларын іске асыру

Орталық бақылау функциялары іске асырылмайды.

12. Басқармада ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Орталыққа қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талдау жасалды. Талдау барысында мерзімі кешігіп орындалған арыз-шағымдар анықталмады. Сонымен қатар, Орталықтың қызметкерлері Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервисі» базасы бойынша тексеріліп, сотталмаған және айыппұлдар салынбағандығы анықталды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс

материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған.

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Мемлекеттік сатып алу және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша жүргізілген қызметтерін атап айтатын болсақ:

Кәсіпорынның 2021 жылға арналған даму жоспарында тек мемлекеттік сатып алу веб порталына бекітілген соммасы 37 167 000-00 тиын теңге бекітілген. Осы бөлінген сомманы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындап, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілген.

Мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 134 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: Ашық конкурс арқылы-0, Баға ұсыныстары бойынша-46, мемлекеттік сатып алудың негіздемелік келісімді қолдану арқылы екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен-0, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен-2, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен-86, электрондық дүкен арқылы-0;

Кәсіпорынның 2022 жылға арналған даму жоспарында тек мемлекеттік сатып алу веб порталына бекітілген соммасы 55 268 000-00 тиын теңге бекітілген. Осы бөлінген сомманы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындап, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілген.

Мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 108 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: Ашық конкурс арқылы -1, Баға ұсыныстары бойынша 47, мемлекеттік сатып алудың негіздемелік келісімді қолдану арқылы екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен-0, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен-26, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен-13, электрондық дүкен арқылы-21;

Кәсіпорынның 2023 жылға арналған даму жоспарында тек мемлекеттік сатып алу веб порталына бекітілген соммасы 87 292 000-00 тиын теңге бекітілген. Осы бөлінген сомманы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындап, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілген.

Мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 85 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: Ашық конкурс арқылы -0, Баға ұсыныстары бойынша 23, мемлекеттік сатып алудың негіздемелік келісімді қолдану арқылы екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен-5, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен-18, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен-11, электрондық дүкен арқылы-28;

Тауарлар мен қызметтердің және жұмыстардың өнім берушілердің жолдаған актілері уақытысында каралып және мерзімінде процессуалдық шешім қабылданған.

Өнім берушілердің Банктік кепілдік жарналарды тіркеу және қайтару процессуалдық әрекеттері, сонымен қатар бір көзден сатып алу тәсілдері бойынша атқарылған құжаттамаларында еш кемшіліктер анықталған жоқ.

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы ақпарат.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кәсіпорындағы жай-күйі қалыпты және онда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпараттар, мәліметтер берілуде.

Оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде кәсіпорында нақты іс-шаралар жоспарлары қабылданып, жыл ішінде белгіленген шаралар іске асырылуда.

Тұрақты негізде 2021-2022 жылдар 2023 жыл арналған кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімділігіне мониторинг жүргізілген.

Кәсіпорынның бас дәрігер мен қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін әр жиналыс, отырыстарында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, азаматтық қызметшілердің Әдеп кодексін, еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ескертілуде.

Сондай ақ, сыбайлас жемқорлыққа қатысты келенсіз жағдай фактілері орын алған жағдайда кәсіпорын, басқармаға жедел хабарлауы, жауапты қызметкерлер арасында оның алдын алу жұмыстарының жүргізілуі, әсіресе кадрлардың жиі алмасуына жол бермеуде, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі мен мемлекеттік сағып алуларды өткізуде, келісім, анықтамалар беру функцияларын атқару жағдайында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің сақталуы қамтамасыз етіліп, тұрақты түрде бақылауға қойылған.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген мониторинг негізінде кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобымен, өз қызметінде басшылыққа алынатын кодекстер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары, хаттарына арналған жәшіктерді жаңғыртып, оны көрнекі, оңтайлы жерге орнату жөнінде тапсырмалар уақытысында орындалған.

Қызметкерлерге заң бұзушылықтарына жол бермеу, алдын алу мақсатында Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының сенім телефондары көрсетілген ақпараттық тақтайша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бекітілген бейнероликтерді көрсетілімін ғимараттың көрнекі жеріне LD экрандарда жүргізіліп тұрады.

Азаматтарды қабылдау (жеке және заңды тұлғалар) кестелері көрсетілген акпараттық тактайша орнатылған.


Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде орын алатын кемшіліктердің алдын алу мақсатында, қызметкерлердің қатысумен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заң талаптары сақталған.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде жұмыс тобы ЖИТС орталығының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады деген шешімге келді. Алайда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында құрылған жұмысшы тобымен тоқсан сайын талдау жұмыстарын жалғастыруды ұсынуда

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және жою мақсатында ұсыным:

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен жолданымдарды қарау тәртібі бойынша құқықтық оқыту жүргізу;

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша жұмысшы тобының қызметкерлердің тізімі

- | | | |
|--|---|-------------------------|
| 1. Карибаева Бисенкул
Утегеновна |  | Жұмыс тобының жетекшісі |
| 2. Утегенова Шолпан
Женисбековна |  | Жұмыс тобының мүшесі |
| 3. Балыкбаева Салтанат
Шамиевна |  | Жұмыс тобының мүшесі |
| 4. Асанканова Саулеткул
Елеусизовна |  | Жұмыс тобының мүшесі |
| 5. Маханбетов Есбол
Серикбаевич |  | Жұмыс тобының мүшесі |

